

Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарын алу барысында жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, жалгерлердің шығындарын және ауыл шаруашылық өндірісінің залалдарын өтеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.03.04. N 299 қаулысымен. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994.04.04. N 324 қаулысын қараңыз.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Жер кодексі мен Қазақстан Республикасының "Шаруа қожалығы туралы" Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 8 сәуірдегі N 2092 а-ХІІ қаулысына сәйкес және жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің шығындарын толық көлемінде өтеу, сондай-ақ құнды ауыл шаруашылық алаптары мен ауыл шаруашылық өндірісінің қажетті көлемін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарын алу барысында жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, жалгерлердің шығындарын және ауыл шаруашылық өндірісінің залалдарын өтеу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарының орнына берілетін жаңа жерлерді игеру құнының нормативтері N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне қажеттілігіне қарай, мемлекеттік статистика деректерін пайдалана отырып жаңа жерді игеру барысында жабдықтарға, материалдар мен көрсетілетін қызметке, құрылыс-монтаж жұмыстарына қолданылатын тоқсан сайын баға индексінің бекітілген нормативін анықтау құқы берілсін.

3. Жаңа жерлерді игеру құнының нормативіне мынадай: облыстық және жергілікті мақсаттағы жолдарды салу үшін ауыл шаруашылығы алаптарын алу кезінде - 0,2;

колхоздардың, совхоздардың, басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, 100 мыңнан 250 мыңға дейінгі

тұрғыны бар қалалардың ерекше қала құрылысы реттелетін аймағында орналасқан азаматтардың ауыл шаруашылық алаптарын алу кезінде - 1,2 ал 251 мынан 500 мыңға дейінгі тұрғындары барлардан - 1,4 501 мыңнан 1 миллионға дейінгі тұрғындары барлардан - 1,6 және 1 миллионнан астам тұрғыны барлардан - 2, мемлекеттік сорт сынау учаскелерінен, тәжірибе алқаптарынан, ауыл шаруашылық және биологиялық саладағы ғылыми-зерттеу және оқу орындарының алаптарын және табиғат қорғау, рекреациялық, денсаулық сақтау мақсатындағы жерлерді алу кезінде - 2,5 коэффициент белгіленсін.

Мұндай аймақтардың көлемі мен шекарасын анықтау Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 93-1 бабына сәйкес тиісті атқарушы органның қ ұ з ы р ы н а б о л а д ы .

4. Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптары уақытша пайдалануға немесе жалға берілген жағдайда (кейіннен ауыл шаруашылық алабының сапасын берілгендегіден төмен емес кадастрлық бағалау деңгейіне дейін қалпына келтіру жағдайымен) ауыл шаруашылық өндіріс шығынының көлемі жаңа жерлерді игеру құнының нормативіне процентпен е с е п т е л е д і д е п б е л г і л е н с і н .

Бұл орайда 3 жылға дейін уақытша пайдаланылған немесе 10 жылға дейін жалға алынған жылдардың әр жылы үшін белгіленген нормативтің 5 проценті қоса алынады. Жалға алған 11 жылдан 20 жылға дейінгі жылдардың әр жылы үшін 2 процент, 21-ден 40 және одан арғы жылдар үшін нормативтердің 1 п р о ц е н т і а л ы н а д ы .

5. Ауыл шаруашылық мақсатқа арналмаған, уақытша пайдалануға немесе жалға берілген жер учаскелерін белгіленген мерзімде қайтармаған кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жер иеленушілерге, жер пайдаланушыларға және жалгерлерге уақытша пайдалануға немесе жалға берілген жер учаскелерінен өнім алынбай қалғаны үшін осы қаулының 4-тармағында көзделген жаңа жерлерді игеру құнының белгіленген нормативінің 5 процентін құрайтын соманың заңсыз пайдаланған алғашқы жыл үшін екі есе көлемдегі, екінші және одан кейінгі жылдар үшін бес есе көлемдегі ауыл шаруашылық өндірісінің шығындарын ө т е й т і н б о л ы п б е л г і л е н с і н .

6. Ауыл шаруашылық өндірісінің шығындарын өтеуге арналған қаржы тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкіне және оның облыстық бағдарламасында ашылатын Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің арнаулы шотына 20 процент көлемінде және жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитеттердің арнаулы шотына 80 процент к ө л е м і н д е а у д а р ы л а д ы .

7. Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық

алаптарын алу, оларды уақытша ала тұру немесе сапасының нашарлауы барысындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуге арналған қаражат жұмсалатын жұмыс түрлерінің Тізбесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8 . М ы н а л а р :

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаж үшін жер бөлу кезіндегі жер пайдаланушылардың шығыны мен ауыл шаруашылығы өндірісінің залалын өтеу тауарлы" 1975 жылғы 24 қаңтардағы N 36 қаулысының 2-тармағының мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаж үшін жер учаскелерін пайдалануға беру жөніндегі кепілдемені қозғау және қарау тәртібі туралы Ережені бекіту бөлігінің басқасы (Қаз. КСР, ҚЖ, N 3, 17-бап);

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған жерлердің орнына алынған жаңа жерлерді игеру құнының нормативтері және ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуге арналған қаржыны пайдалану тәртібі туралы" 1990 жылғы 14 ақпандағы N 58 қаулысы (Қаз. КСР ҚЖ, 1990 ж, N 9, 47-бап) күшін жойған деп танылсын.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің азаматтардың жеке қосалқы, бау, бақша шаруашылықтары және шаруа қожалықтары мәселелері жөніндегі шешіміне енгізілетін қоса беріліп отырған өзгертулер N 3 қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қыркүйектегі
N 978 қаулысымен
Бекітілген

Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарын алу барысында жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, жалгерлердің шығындарын және ауыл шаруашылық өндірісінің ысырабын өтеу тәртібі туралы

І. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы Ереже жер иеленушілерге, жер пайдаланушыларға және жалгерлерге жер учаскелерін алу немесе уақытша пайдалану, олардың құнын шектеу немесе жер сапасының нашарлауы барысында келтірілген шығындарды, сондай-ақ ауыл шаруашылық алаптарын алу немесе пайдалануды шектеу, сапасының нашарлауынан туындаған ауыл шаруашылық өндірісінің залалдарын өтеу тәртібін белгілейді.

Ескерту. . Бұдан әрі "шығындар" деп аталады.
. Бұдан әрі "ысырап" деп аталады.

2. Ереже қазіргі заңдарда шығындарды өтеудің басқа тәртібі белгіленген жерлерден басқа негізгі нысаналы мақсаттағы жерлердің барлық категорияларына қолданылады.

Ереже ауыл шаруашылық алаптарын ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған істерге беру барысында олардың табиғат қорғау, сауықтыру, рекреациялық мақсатын жоғалтуына байланысты болған нұқсанын өтеу тәртібін р е т т е м е й д і .

3. Жерді ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған мақсаттарға алу және беру барысындағы шығындар жер иеленушілер, жер пайдаланушылар және жалгерлер мен залалдар объектінің орналасатын орнын алдын ала келісу шегімен жерге орналастыру жобасының құрамында (жерге орналастыру ісі) белгіленеді және жер учаскелерін алу мен беру шегінде нақтыланады.

Ауыл шаруашылық емес мақсаттағы жер пайдалануды қалыптастырудың жерге орналастыру жобасы мынадай тараулардан тұрады:

жер учаскесі мен объект құрылысын орналастыру;

жер учаскесінің көлемі, жер алаптарының санитарлық (күзету) немесе қорғалатын аймағына берілетін және енгізілетін құрамы және олардың к а д а с т р л ы қ б а ғ а с ы ;

бөлінген жерлерден немесе санитарлық (күзеттік) және қорғаныштық аймақтардан шығарылған объектілерді орналастыруға арналған алаптардың көлемі, құрамы мен кадастрлық бағасы;

бұзылған өндірісті қалпына келтіру шарты мен мерзімі;
топырақтың бұзылған құнарлы қабатын сыдыру, сақтау (қорғау) және пайдалану шарты мен мерзімі;

жерлерді қайта культивациялау шарты мен мерзімі;

шығынның мөлшері ;

алғанға дейінгі берілген жерлерден алынатын жер салығының мөлшері және оларды алғаннан кейінгі жер салығының болжамды мөлшері; берілген жерлерді алу, ұстау және пайдалану шарты мен мерзімі.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылық мақсатқа арналмаған объектілер үшін таңдау кезінде жерге орналастыру жобасында оларды орналастыру нұсқалары қаралады. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді салыстыру негізінде барынша оңтайлы нұсқа таңдап алынады. Бұл орайда құрылатын жер пайдалануды орналастырудың экологиялық, әлеуметтік және басқа зардаптары мен осы аумақты пайдаланудың болашағы ескеріледі.

4. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар қызметінің ықпал етуі нәтижесінде жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің құқы шектелген немесе олардың жерлерінің сапасы нашарлаған жағдайда шығындар мен залалдар мөлшері құрамына мына тауарларды енгізе отырып, жерге орналастыру жобасымен белгіленеді:

жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің құқығын шектеу қолданылатын алаптардың көлемі, құрамы мен кадастрлық бағасы немесе олардың жерлерінің сапалық жағдайының нашарлауы;

жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің құқын шектеуге немесе олардың жерінің сапалық жайының нашарлауының жер алаптарының өнімділігіне және өндірістің кірісіне ықпал ету;

жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің құқын шектеуге немесе олардың жерінің сапалық жайы нашарлауының жер алаптарының өнімділігіне және өндірістің кірісіне одан әрі ықпал етуін қысқарту немесе жою жөнiндегi

ш а р а л а р ;

нұқсан келтірілген өндірісті қалпына келтіру шарты мен мерзімі;

ш ы ғ ы н м ө л ш е р і ;

з а л а л м ө л ш е р і ;

жер иеленушілер, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің құқы шектелгенге немесе олардың жерлерінің сапасы нашарлағанға дейін және одан кейін алынатын жер салығының мөлшері.

5. Шығындарды өтеу мөлшерін есептеу жер алаптарын алу сәтінде, жабдық пен материалдың бағасына акт толтыру, сондай-ақ құрылыс-монтаж және басқа жұмыстарды бағалау сәтінде қолданылатын баға бойынша жүзеге асырылады.

6. Жерге орналастыру жобаларын жерге орналастыру ұйымдары жасайды және жер қатынастары және жерге орналастыру жөнiндегi облыстық, қалалық немесе аудандық комитеттер арқылы тиісті жергілікті өкілетті немесе атқарушы органдарға олардың шешімдері облыста жер қатынастарын реттеуге негіз беретін материалдар ретінде ұсынылады.

7. Жер учаскелерін уақытша (үш жылға дейін) алған жағдайда шығындар мен залалдар жерді пайдалануға беру барысында өтеледі және осы учаскелерді босатқан соң нақтыланады. Нақтыланған шығындар мен ысыраптың мөлшері акт толтырылған сәтте қолданылған нормативтер мен бағалар бойынша уақытша пайдалану мерзімі бітуіне байланысты учаскені қабылдау барысында толтырылатын актта жазылады.

8. Шығындар мен ысырапты есептеу барлық жағдайларда мүдделі жақтармен келісіледі және тиісті жергілікті өкілетті немесе атқарушы органдар бекітетін актпен хатталады. Шығындар мен залалдарды өтеу мөлшері жайындағы даулар олардың құзырына сәйкес сот немесе арбитраждық сотпен шешіледі.

II. Шығындарды өтеу

9. Мемлекеттік және қоғамдық мұқтаж үшін жер учаскелерін алу немесе уақытша ала тұру, сондай-ақ жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың және жалгерлердің құқын шектеуге (табиғат қорғау және сауықтыру мақсатындағы айналысына күзетілетін аймақ немесе санитарлық күзет округтерін белгілеу жағдайларынан басқа) немесе кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар қызметінің ықпалы нәтижесінде олардың жерлерінің сапасы нашарлауына байланысты келтірілген шығындар осы шығындалған жер иеленушілерге, жер пайдаланушыларға, жалгерлерге толық көлемде өтелуге тиіс.

10. Шығындарды өтеуді жер учаскелері бөлінген кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ қызметі жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің құқын шектейтін немесе олардың жерлерінің сапасын нашарлататын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар жүзеге асырады.

11. Өтелетіндер:

тұрғын үйлердің, мәдениет-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің, өндірістік және басқа үйлер мен ғимараттардың құны немесе оларды жаңа жерлерге көшіргендегі шығындар;
жеміс-жидектің, қорғаныштық және басқа көп жылдық көшеттердің құны;
ауыл шаруашылық дақылдар өнімінің құны;
аяқталмаған өндірістің құны (жер жырту, тыңайтқыш себу, егін егу және басқа жұмыстар);
жер иеленуге және жер пайдалануға қолайсыздық тудыратын шығындар (зияндар);
нашарлаған жер сапасын қалпына келтіруге қажетті шығындар

(зияндар);

жер пайдаланушылардың, жер иеленушілердің және жалгерлердің құқының шектелуіне байланысты шығындар (зияндар).

12. Алынатын немесе уақытша алынатын жер учаскесінде орналасқан, сондай-ақ осы учаскеден тыс жерлердегі тұрғын үйлерді, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді, өндірістік және басқа үйлер мен ғимараттарды бағалау, егер оларды одан әрі пайдалану мүмкін болмаса, тең қолда бар пайдалы алаңы, сыйымдылығы, кендігі мен механикаландырылу деңгейі бойынша (үлгілік жобалар бойынша) жаңа үйлер, объектілер мен ғимараттар салудың сметалық құны бойынша жүргізіледі.

13. Алынатын жер учаскелері бөлінген кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар мүдделі жер иеленушілермен, жер пайдаланушылармен және жалгерлермен келісім бойынша осы учаскелерде орналасқан үйлердің, объектілер мен ғимараттардың құнын өтеудің орнына өз күшімен және құралдарымен (сондай-ақ қатыстырылатын ұйымдардың күшімен) оларды жаңа орынға көшіре алады немесе жаңа үйлер мен ғимараттар салуды жүзеге асыра алады.

Егер жаңа үйлер, объектілер мен ғимараттар салу кезінде оларды жаңғырту немесе кеңейту көзделген жағдайда, онда бұған қосымша шығындарды құрылыс жүргізіліп жатқан жер иеленуші немесе жер пайдаланушы төлейді.

14. 1992 жылғы қаңтардың 1-іне дейін бюджеттік қаржы есебінен салынған және өздері орналасқан жердегі заңды ұйымдардың меншігіне берілмеген мелиорациялық объектілердің құнын жер учаскелерін алу немесе уақытша алу кезінде жаңа жер иеленушілер оны аумағында осы объектілер орналасқан жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға жерді алу кезіндегі мелиорациялық құрылысқа қолданылған баға бойынша өтейді. 1992 жылғы қаңтардың 1-інен кейін бюджет қаржысы есебінен салынған аталған объектілердің құны тиісті өкілетті және атқарушы органдарға объектілер салынған қаржылар есебімен өтеледі.

Егер жер иеленушілер мен жерді пайдаланушылар мелиорациялық объектілерді пайдалану процесінде оларды қайта құруға немесе кеңейтуге шығындалған жағдайда, онда жер учаскелерін алу немесе уақытша алу кезінде аталған шығындар зиян шеккен жер иеленушілерге немесе жер пайдаланушыларға өтелетін болады.

Жер учаскелерін алу немесе уақытша алу нәтижесінде суару, кептіру, эрозияға және су тасқынына қарсы объектілер мен ғимараттардың (жүйелердің) жұмысы жартылай немесе толығымен бұзылғандығы келтірілген зиян жерлі алу

кезінде нормалар, есептер мен бағалар бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарының құнын қоса жаңа объектілер мен ғимараттар (жүйелер) салу немесе жұмыс істеп жатқандарын қайта құру жұмыстарының сметалық құнын басшылыққа ала отырып анықталады.

15. су көздерін бағалау (құдықтарды, тоғандарды, скважиналарды және т.б.) жобалау-іздістіру жұмысының құнын қоса отырып, тең дебитті жаңа су көздерін салу жұмысының сметалық құны мен судың сапасы бойынша жүргізіледі.

16. Жеміс беретін жеміс-жидек көшеттерін, сондай-ақ қорғаныштық және басқа көпжылдық көшеттерді бағалау олардың құны мен отырғызуға және оларды жеміс бере бастағанша немесе бой көтергенше өсіруге кеткен шығындар бойынша (жерді алу кезіндегі бағамен) жүргізіледі.

17. Аяқталмаған құрылыстар мен жеміс бермейтін жеміс-жидек көшеттері жерді алу кезіндегі бағамен жер иеленуші, жер пайдаланушы немесе жалгер нақты жүргізген жұмыс көлемі мен шығын бойынша бағаланады.

18. Ауыл шаруашылығы дақылдары өнімнің құны (егер жер учаскесінде тиісті ауыл шаруашылығы дақылын өңдеу жөніндегі агротехникалық шаралардың негізгі кешені жүргізілсе) алу кезіндегі аталған аймақтағы бағамен осы дақылдың соңғы 5 жылдағы орташа өнімділігін басшылыққа ала отырып анықталады.

19. Жерді пайдалану кезіндегі қолайсыздықтардан (су қоймасын толтыру кезінде аралдың пайда болуы, көлік байланысының бұзылуы, аумақты коммуникациялармен бөлектеу және т.б.) болған зияндар (шығындар) бөгеттер, көпірлер, тіркеулер, жолдар, кіру жолдарын, басқа да ғимараттар салуға, сондай-ақ қайықтар, катерлер, паромдар мен басқа көлік құралдарын сатып алуға кеткен бір жолғы шығынның сомасымен анықталады.

20. Жердің нашарлаған сапасын қалпына келтіруге қажетті шығындар (залалдар) топырақты, агрохимиялық және басқа арнаулы тексерулер мен зерттеулерді, сондай-ақ жердің сапасын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шараларды жүргізетін шығынды қамтиды және жобалау құжаттамасымен анықталады.

21. Жер иелерінің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің құқықтарын шектеуге байланысты шығындар (залалдар) құрылыс, мелиорациялық және басқа жұмыстарды орындауға және қысқарған өндіріс көлемін қалпына келтіруге қажетті материалдар мен жабдықтар сатып алатын шығынды қамтиды.

ІІІ. Ысырапты өтеу

22. Ысырапты ауыл шаруашылығы алаптары ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған қажеттерге берілетін немесе қызметі ауыл шаруашылығы

алаптарын пайдалануды шектейтін, сапасын нашарлататын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ объектілерінің төңірегіне күзет, санитарлық және қорғау аймақтары орнатылатын (осы аймақтар табиғат қорғау және сауықтыру мақсатындағы жерлерге орналасқан жағдайлардан басқа) кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар өтейді.

23. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ауыл шаруашылығы алаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін алудан болған ысырапты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдар қызметінің ықпалымен пайдаланылатын ауыл шаруашылығы алаптары алаңының қысқаруынан (қайтарымсыз шығыннан) немесе олардың сапасының нашарлануынан (топырақ құнарлылығының төмендеуі) көрінеді және ауыл шаруашылығы өндірісінің деңгейін сақтау мақсатында ауыл шаруашылығы алаңдары мен олардың сапасын қалпына келтіру арқылы өтеледі.

24. Ысырап қалыпқа келтіру және топырақтың құнарлылығынан алынатын жерлердің құнарлылығына дейін арттыру (кадастрлық баға бойынша) жөніндегі шаралар өткізуді ескере отырып жаңа жерлердің тең шамадағы алаңын игеру құны мөлшерінде өтеледі.

Жаңа жерлерді игерудегі осы мақсаттарға жұмсалатын шығындарды анықтау (оларды қалыпқа келтіру мен топырақтың құнарлылығын арттыруды қоса алғанда) жаңа шаруашылықтарды ұйымдастыру және мелиорациялық жұмыстарды жүргізу арқылы (суару, кептіру, мәдени-техникалық және басқа шаралар) бұталары, орлы-дөңесті кешендері, басқа да ауыл шаруашылығында пайдаланылмайтын жер алаптары бар жерлерді ауыл шаруашылығына пайдалануға тарту жөніндегі шаралар кешені деп түсіндіріледі.

25. Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған жерлердің орнына жаңа жерлер игеру құнының мөлшері игерілетін жерлер мен жақсартылатын алаптарда алынатын жер учаскелерінен алынатыннан кем емес немесе бұрын олардың сапасы төмендегенге дейін алынған көлемде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді қамтамасыз ететін нормативтерге сүйене отырып анықталады.

26. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қызметінің ықпалымен ауыл шаруашылығы алаптарын пайдалануды шектеуден немесе сапасының нашарлауынан болған ысырап, ауыл шаруашылығы алаптарының бір түрін басқа түріне алмастыруға байланысты емес жағдайларда, ауыл шаруашылығы алаптарының (жерді кадастрлық бағалау бойынша) сапасын төмендетуге үлесті түрде жаңа жерлерді игеру құнының нормативіне процентпен шаққанда анықталады.

Пайдалануды шектеуге немесе сапасының нашарлауына байланысты ауыл шаруашылығы алаптарының бір түрін басқа түрлерге алмастырған жағдайдағы шығындардың мөлшері ауыл шаруашылығы алаптарының тиісті түрлері үшін

жаңа жерлер игеру құны нормативтерінің айырмашылығы бойынша анықталады.

27. Ысыраптың мөлшерін анықтау үшін жоспарлау-картография материалдары, топырақты зерттеу, жер кадастры мен жер мониторингінің мәліметтері пайдаланылады.

28. Жерлерді алуға байланысты ысыраптың мөлшері жерді беру кезінде нақтылай отырып объектіні орналастыру орнын алдын ала келісу сатысында анықталады. Егер шығындар салу кезінде немесе объектіні іске қосқаннан кейін қосымша түрде анықталса, онда олар объектінің жақын орналасқан ауыл шаруашылығы алаптарының сапасына нақты теріс ықпал етуі кезінде анықталады.

29. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабы мына жағдайларда өтелмейді:
Жер елді мекен шекарасында жеке тұрғын үй құрылысын салуға, мектептер мен балалардың мектеп жасына дейінгі мекемелерін, сауда объектілерін, емдеу орындары мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер салуға бөлінген жағдайда;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге мелиорация жүйелерін салуға жер учаскесін берген жағдайда;

жер учаскелерін заңмен белгіленген тәртіппен табиғат қорғау, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге жатқызған жағдайларда жерді алған немесе жерді пайдалануды шектеген жағдайда;

тоған және өзен балық шаруашылықтарын, балық питомниктерін, уылдырық өсіру шаруашылықтары мен балық заводтарын сауалға жер учаскелерін берген жағдайда;

жақын орналасқан жер алаптары күйінің нашарлауын болдырмайтын айналадағы табиғи ортаны қорғау үшін ғимараттар салуға жер бөлген жағдайда.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабы сондай-ақ улы қалдықтармен және радиоактивті заттармен ластанып, құруға айналған ауыл шаруашылығы алаптары мен жерлерін консервациялауда, егер алаптарды құртуға және жерлерді ластауға кінәлі заңды ұйымдар анықталмаған жағдайларда, сондай-ақ егер кінәлі адамдар құруға айналған ауыл шаруашылығы алаптарын қалпына келтіру және ластанған жерлерді сауықтыру жөніндегі қажетті шараларды дер кезінде орындаған жағдайларда өтелмейді.

30. Ауыл шаруашылығы алаптарын бұзылған жерлерді ауыл шаруашылығына арналмаған алаптарға өңдеу шартымен уақытша пайдалануға берген жағдайларда ысырап толық көлемде өтеледі.

31. Топырақтың сыдырылған құнарлы қабатын өнімділігі аз немесе өнім бермейтін алаптарға көшірілгенде ысырап жер учаскесі берілген кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің есебінен нормативтің 50 проценті

IV. Шығынды және ысырапты өтеуге арналған қаржыларды аудару және пайдалану

32. Жер учаскелерін алумен немесе уақытша алумен, сондай-ақ жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың құқықтарын шектеумен немесе олардың жерінің сапасының нашарлауымен келтірілген зияндарды өтеуге арналған қаржыны тиісті кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар осы аталған жер иеленушілер жер пайдаланушылар мен жалгерлердің есеп шотына аударды.

33. Алынатын немесе уақытша алынатын жер учаскелерінде салынған мелиорациялық объектілердің құнын өтеу тәртібімен бюджет қаржысы есебінен келіп түскен қаржы жергілікті бюджетке аударылады.

34. Жер учаскесін алу, беру, уақытша алу немесе жалға беру туралы шешім қабылдайтын өкілетті немесе атқарушы орган бұл шешімде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978 қаулысының 6 тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабын өтеуге арналған қаржы мөлшерін және жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі республикалық және тиісті облыстық комитеттердің арнаулы есеп шоттарының нөмірін көрсетеді, аталған қаржыны оларға кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар өздеріне ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылығы алаптарын бөлу кезінде аударды.

35. Ысырапты өтеу тәртібімен келіп түскен қаржылар жер учаскесін бөлуден кейін 3 айлық мерзімде осы Ереженің 34-тармағында көрсетілген арнаулы есеп шотқа нақты түрінде аударылады және Тізбемен бекітілген жұмыстарды орындауға пайдаланылады (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978 қаулысына N 2-қосымша).

36. Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитеттер облыс жерлерін мелиорациялау жөніндегі шараларды өткізудің маңыздылығын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың ұсыныстарын, жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен жалгерлердің өтініштерін ескере отырып дайындалған жобалау-сметалық құжаттамалары болса өз шешімімен жұмыстарды қаржыландыруға қаржы бөледі. Бөлінетін қаржының мөлшері объект құрылысының жиынтық сметасымен негізделеді.

37. Жоба болмаған жағдайда, алдымен арнаулы институттар орындайтын жобалау-іздігіру жұмыстарын қаржыландыру жүзеге асырылады.

Тексеру және жобалау-іздігіру жұмыстарының құны оларды өткізу кезіндегі

нормалар мен бағалар бойынша анықталады.

38. Жаңа жерлерді игеру, топырақ құнарлылығын арттыру жөніндегі шараларды қаржыландыруға облыста қаржы жетіспеген жағдайда жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі тиісті облыстық комитеттің өтініші бойынша қажетті ақша сомасын оның арнаулы есеп шотына Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті осы мақсаттар үшін арнаулы есеп шотта жиналатын қаржыдан аударды.

39. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабын өтеуге арналып, пайдаланылмай қалған қаржы жыл соңында алынбайды және келесі жыл нысаналы мақсат бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қыркүйектегі
N 978 қаулысына
N 1 қосымша

Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл

шаруашылық алаптарының орнына алынған жаңа
жерлерді игеру құнының
Нормативтері

Алынған жерлер топырағының бонитеті (балы)	Жаңа жерлерді игеру құны (мың сом/гектар)
10-ға дейін	1328,3
11-15	2390,9
16-20	3085,8
21-25	3821,5
26-30	4495,8
31-35	5170,2

36-40	5865
41-45	6539,4
46-50	7254,6
51-55	8031,2
56-60	8848,6
61-65	9666
66-70	10504
71-75	11341,8
76-80	12200
81-85	13058,3
86-90	13916,6
91-95	14775
96-100	16042

Ескерту:

1. жеке қосалқы шаруашылық, бау, бақша, мал шаруашылығы, жеке тұрғын үй құрылысы, саяжай құрылысы үшін берілген, сондай-ақ қызметтік жер үшін бөлінген жерлерде ауыл шаруашылық дақылдары мен көп жылдық көшеттерді өсіру үшін пайдаланылған жер учаскелерін алу барысындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабы алынған жерлер топырағының бонитетіне сәйкес жаңа жерлерді игеру құнының осы нормативімен белгіленеді.

2. Аталған нормативтерді қажеттігіне қарай жабдыққа, материалдар мен қызмет көрсетуге, тиісті құрылыс-монтаж жұмыстарына тоқсан сайынғы баға индексі жөніндегі мемлекеттік статистика деректері негізінде Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті нақтылайды.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қыркүйектегі
N 978 қаулысына
N 2 қосымша

Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарын алу, оларды уақытша алу немесе сапасының нашарлауы барысында ауыл шаруашылық ысырабын өтеуге арналған қаржы пайдаланылатын жұмыс түрлерінің
Т І З Б Е С І

1. Ауыл шаруашылық өндірісінде пайдаланылмаған жерлердің (бұталардың, ор-дөңестердің және басқалардың) есебінен ауыл шаруашылық алаптары үшін жаңа жерлерді игеру, игерілген жерлерді өңдеу мен оның құнарлылығын арттыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

2. Олардың бетін жауып тегістеу, топырақты эрозиядан, көшкіннен, тасқыннан қорғау жөніндегі гидротехникалық құрылыстар кешенін салу арқылы тік жарлауыттарды (склоны) тегістеу.

3. Игерілген жер учаскелеріне жол салу.

4. Ауыл шаруашылық алаптарын түпкілікті жақсарту, топырақты әктеу және гипстеу.

5. Ауыл шаруашылық алаптарын суландыру және суару, суару (кептіру) жүйелерін салу мен қайта құру, жерді су жайылудан, батпақтанудан, сорлану мен құрғаудан қорғау және басқа да мелиорациялық жұмыстар.

6. Ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлерде қорғаныштық ағаш көшеттерін отырғызу.

7. Тау жарлауыттарына сатылар жасау.

8. Сортаңдануға қарсы шараларды жүзеге асыру.

9. Жерді мелиорациялауға фосфогипсті әзірлеу мен пайдалану жөніндегі жұмыстар.

10. Тозған ауыл шаруашылық алаптары мен ластанған жерлерді табу, шараларды әзірлеу, сондай-ақ жерді консервациялау жөніндегі құжаттарды қаттау.

11. Рұқсат етілген концентрациядан жоғары химиялық, радиоактивті құралдармен ластанып бүлінген ауыл шаруашылық алаптарының, жерлерінің, сондай-ақ карантиндік зиянкестер және өсімдік ауруларымен зақымданған жерлердің топырағының құнарлылығын қалпына келтіру.

12. Жер ресурстарын зерттеуге, жаңа жерлерді игеру мен оның құнарлылығын арттыруға, пайдаланылған ауыл шаруашылық алаптарын жақсартуға, жердің мелиорациялық жайын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге байланысты топографиялық-геодезиялық, топырақтық, геоботаникалық

және басқа жобалау-іздігіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

13. Жердің сапасын жақсарту, топырақ құнарлылығын арттыру және экологиялық таза өнім өндіру жөніндегі шараларды жүзеге асырушы жер иеленушілерді, жер пайдаланушылар мен жалгерлерді материалдық жағынан ы н т а л а н д ы р у .

Е с к е р т у .

жаңа жерлерді игеру мен ауыл шаруашылық алаптарын жақсартуға байланысты жұмыстардың аталған Тізбеде көрсетілмеген басқа да түрлері Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің рұқсаты бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабын өтеуге арналған қаржы есебінен орындалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қыркүйектегі
N 978 қаулысына
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің азаматтардың жеке қосалқы, бау, бақша шаруашылықтары және шаруа қожалықтары мәселелері жөніндегі шешіміне енгізілетін
Ө з г е р т у л е р

1

2. "Қазақ КСР-інде шаруа қожалықтарын дамыту мен қолдау Бағдарламасы туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 3 желтоқсандағы N 474 қаулысымен бекітілген Қазақ КСР-інде шаруа қожалықтарын дамыту мен қолдау Б а ғ д а р л а м а с ы н д а ғ ы :

"Шаруа қожалықтарын ұйымдастыру жөніндегі жалпы ережелер" атты 1-тараудың 1-тармағының бірінші жаңа жолынан "Халық депутаттарының селолық (ауылдық) Кеңестері мен" деген сөздер алып тасталсын;

"Шаруа қожалықтарын құру мен қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі

шаралар" атты II-тараудың "Шаруа қожалықтарын құру" атты қосымша тарауының 1-тармағынан:

- екінші жаңа жол;

- үшінші жаңа жолдағы: "Селолық (ауылдық) Кеңес азаматтары"

деген сөздер алып тасталсын.

ЕСКЕРТУ. 3-қосымшаның 1-тармағының күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.01.19. N 71 қаулысымен.